

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№113 (9175) | 1953 ЖЫЛҒЫ 7 июнь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жаңалық табумен барлық жұмысшылар шұғылдануға тиіс

Совет Одағы Коммунистік партиясының XIX съезінде жасаған баындамасында Г. М. Маленков жолдас былай деп атап көрсетті: «ССРО-да еңбек өнімділігінің тез өсуі — ең алдымен жаңа техника мен озат технологиялық процестерді халық шаруашылығына кеңінен енгізудің нәтижесі, өндірісті механикаландырудың және электрлендірудің, әсіресе көп еңбекті керек ететін жұмыстар мен ауыр жұмыстарды механикаландырудың нәтижесі, сол сияқты еңбекті жақсы ұйымдастырып, еңбекшілердің жалпы білім және мәдениет дәрежесін арттырудың, олардың өндірістік мақсатын арттырудың нәтижесі».

Сонымен, бұл жөнінде біздің облысымыздың кәсіп орындары да бүкіл еліміздегі еңбекшілерге елеулі табыстарға жетіп келеді. Біздегі жылы, әсіресе былғары, электр машиналары мен электр өнеркәсібі Минералдык заводтары, бірқатар кәсіпшілік өнеркәсіптері өздерінің алған міндеттеріне сәйкес өндірістік процестерді бар-бар сайын жетілдіріп отырып, мемлекеттік тапсырмаларды орындауда жоғары көрсеткіштерге ие болуда.

Кәсіпорындарында қол жеткен табыстар жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің творчестволық инициативасының барған сайын өсіп отырғандығының, социалистік жарыстың мейлінше кеңінен өрістетілуінің нәтижесі екені мәлім.

Жаңалық табу жолындағы кең көлемдегі қозғалысты оған сайын дамыта түсу облыс кәсіпорындарының барлық экономикалық көрсеткіштер бойынша бұрын-соңды болып көрмеген нәтижелерге жетуіне мүмкіншілік туғызып отыр. Осының арқасында өткен жылдың өзінде және үстіміздегі жылдың бес айында облыстың өнеркәсіп орындары мемлекеттің миллиондаған сом қаржысын үнемдеді. Мысалға шағын двигательдер заводу алайық. Бұл кәсіпорының коллективі быылғы жылдың алғашқы төрт айы ішінде жыл сайын 150 мың сом мөлшерінде үнем жасауға мүмкіншілік беретін рационализаторлық ұсыныстарды өндіріске енгізіп, Завоттың

шанда зор қамқорлық жасап, үнемі көмектесіп отыруға тиіс.

Соңғы кезде бүкіл елімізде Орта Волга станок жасау зауытының тоқарі Василий Колесовтың металды шапшаңдатылған әдісінен өңдеу жөніндегі бастамасы кеңінен тарайды. Бұл әдісті қолдану жөнінде біздің облысымыздың өнеркәсіп орындары да кейбір алғашқы, жақсы нәтижелерге ие болды.

Алайда, облыстары металл өңдейтін бірқатар кәсіпорындарының басшылары бұл бастаманы өндіріске енгізу жөнінде әлі күнге дейін мардымды жұмыс істемей келеді. Олардың қатарына Петропавл папозов депосын қосуға болады. Рас, депонның тоқарылары бұл жаңалықты бірден қолдады. Бірақ, механикалық цехтардың қатты қосындылардан жасалған кескіш саймандарымен, металмен қамтамасыз етілмеуі және кескіштерді кезінде өткірлеп қайрап отыру ісінің нашар ұйымдастырылуы кезіргі уақытта В. Колесовтың бастамасын қолданушылардың алғашқы кездегінен едәуір азайына әкеліп соқты.

Мұндай жағдай Петропавлдың ет-консерві комбинатында да кездеседі. Комбинаттың басшылары жұмысшылардың творчестволық инициативасын кезінде қолдап отырмайды. Ал, вагон депосында және шойын құю- таразы зауытында осы күнге дейін жұмысшылардың жасаған жаңалық ұсыныстарының кезінде талқылануы және олардың ішінен тиімді деп табылғандарының өндіріске енгізілуі жолға қойылмай-ақ келеді.

Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында: «Жаңа техниканы енгізу және еңбекті механикаландыру міндеттерін жете бағаламайтын және жұмысшы күшінің дұрыс пайдаланылмауына жол беретін шаруашылық ұйымдарының практикасы теріс деп табылсын» деп атап көрсетілген.

Олай болса аталған кәсіпорындарында жаңалық табу және оны кезінде өндіріске енгізу ісінде кездесіп отырған мұндай

Колхоздарда шөп шабу

Қызу қарқынмен

Жамбыл атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) колхозшылары партияның XIX съезінің қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Үстіміздегі жылы қоғамдық мал басын өсіруде айтарлықтай табыстарға жету мақсатымен колхозшылар шөп шабуға әзірлікті дер кезінде қолға алып, мұны мезгілінде аяқтады. Соның нәтижесінде колхоз шөп шабуға ауданда бірінші болып кірісті.

Алғашқы күннен бастап өздігінен жүретін бір кеңалымды және тракторға тіркелетін 9 кеңалымды шөп машиналары жұмысқа қосылды. Шөп машиналары алғашқы сменалардан бастап тиімді пайдаланылып келеді.

Шөп шабуға машинистер В. Михайлов, Қ. Нығметов, А. Жылқайдаров, З. Омаров жолдастар өнімді еңбек етіп, үздік нәтижелерге жетуге міндеттенген болатын. Бұлардың әрқайсысы кеңалымды шөп машинасымен быылғы маусымда 700—750 гектар жердің пішенін шабуға сәрт берген-ді. Олар өздерінің алған көтеріңкі міндеттемелеріне дайық еңбек етіп жүр. Озат машинистер өздерінің машиналары жоғары техникалық күтімде ұстап, үздіксіз жұмысқа қосады. Әрбір сменада жұмыс уақытын ұтып пайдаланады. Сөйтіп, тағайындалып берілген сменалық тапсырманы олар ұдайы толық орындайды.

Өздігінен жүретін кеңалымды шөп машинасының машинисі Сейтенов жолдастың еңбегі айта қаларлықтай. Ол шөпті тез және көп шабу жөнінде ұлғайтылған міндеттемелер алған машинистердің бірі. Машинаның қуатын күн сайын толық пайдалану, уақыттың әрбір минутын тиімді өткізу арқылы ол пішен шабуды күндіз графигін мінсіз орындауға жетісті.

Быыл қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің мол қорын жасау жолындағы социалистік жарысты өрістетіп отырып, колхозшылар шөп шабуды қызу қарқынмен жүргізуде.

А. ЖОЛДЫҒАРИН.

Пішен жыйнау жұмыстарына және шөп сүрлеуге барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының толық қатысуы қамтамасыз етілсін, бұл үшін олар жемшөп дайындаудың белгіленген жоспары толық орындалғанға дейін басқа жұмыстардан босатылсын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Республиканың колхоздары мен совхоздарында мал басын жемшөппен қамтамасыз ету шаралары туралы

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздары мен совхоздарының соңғы жылдардың ішінде малды сапасы жақсы пішенмен қамтамасыз етпей келе жатқанын жол беруге болмайтын жағдай деп есептейді. Малды жемшөппен нашар қамтамасыз етудің негізгі себептерінің бірі шөп жыйнау жұмысына әзірліктің және оны өткізудің қанағаттанғысыздығы болып табылады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері 1952 жылы колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөп дайындаудағы болған кемшіліктер мен қателіктерден елеулі қорытынды шығармады, сөйтіп, Қазақстан КП Орталық комитетінің IV пленумының быылғы жылы жемшөп дайындауға уақытылы әзірлену жөніндегі қаулысын мүлде қанағаттанғысыз орындап келеді.

Табиғи шабындықтар мен еkle шөптердің шығымдылығын арттыру ісіне басшылықтың қанағаттанғысыз болуы, сонымен бірге, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті орындары, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері тарапынан пішен жыйнау жұмысының нашар ұйымдастырылуы нәтижесінде пішен өндіру және дайындау ісі өскелең мал шаруашылығының талаптарына мүлдем сай болмай отыр. Мұның өзі мал санының өсуін оның өнімділігінің арфуын тежеп келеді.

Республиканың көптеген аудандары

уақытқа дейін тұқымдық шөпті күту жұмысы ұйымдастырылмаған. Тұқымды жыйнау, бастыру және дән ұғу жұмыстары өте кешігіп жүргізіледі. Осының салдарынан көптеген колхоздар мен совхоздарда тұқымның өнімділігі өте төмен.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті мынаны атап көрсетеді: пішен дайындауды ұлғайтуды тежеп келе жатқан аса ірі кемшілік колхоздар мен совхоздарда пішен жыйнау жұмысын механикаландыруды нашар жүргізу болып табылады. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері, МТС-тер мен ММС-тердің және совхоздардың директорлары қолда бар техниканы пайдалануды және пішен жыйнау жұмысына комплексті механикаландыру ісін енгізуді қанағаттанғысыз ұйымдастырып келеді, бұл істе алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздардың тәжірибелерін таратып отырмайды.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, механикаландыру және электрлендіру жөніндегі ғылыми-зерттеу институты қаранайым шөп жыйнағыш-шөмелегіш жасап шығару жөнінде МТС-тер мен ММС-тердің мамандарының, колхозшылардың және совхоз жұмысшыларының ұсыныстарын нашар зерттейді және өндіріске енгізіп отырмайды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті тұрақты жемшөп базасын жасауды колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын оңаң әрі өркендетудің шешуші шарты деп

найтын агрегаттарының колхоздар бойынша жүріс маршруттары, сол сияқты, табиғи шөптердің екінші рет шабылуын жүргізу жұмыстары белгіленсін;

г) шөп жыйнайтын трактор агрегаттарын тәжірибелі тракторшылармен, өздігінен жүретін шөп машиналарын—машинистермен толықтыру жөнінде шұғыл шаралар қолданылып, агрегаттарға қажетті мөлшерде колхозшылар, күш-көліктері мен транспорт құралдары бекітіліп берілісін;

д) барлық шөп жыйнайтын машиналар шөп жыйнау жұмысында бүкіл жұмыс күні бойына толық қуатымен пайдаланылсын, әрбір ат шөп машинасымен күніне кемінде төрт гектардан, тракторға тіркелетін әрбір үш салалы комплекті шөп машинасымен—кемінде 20 гектардан, өздігінен жүретін әрбір шөп машинасымен—кемінде 30 гектардан жұмыс істеу қамтамасыз етілісін;

е) барлық дайындалған пішеннің уақытылы есепке алынып, кіріске енгізілуі, сөйтіп, талап-тараждан, малдың аяқасты болуынан және өрттен мұқият сақталуы қамтамасыз етілісін;

ж) пішен жыйнау жұмыстарына және шөп сүрлеуге барлық колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының толық қатысуы қамтамасыз етілісін; бұл үшін олар жемшөп дайындаудың белгіленген жоспары толық орындалғанға дейін басқа жұмыстардан босатылсын;

з) алыстары шабындық учасоктерде жөндеу базалары ұйымдастырылып, олар шөп жыйнайтын машиналардың уақытылы жөндеуіне және тоқтаусыз жұмыс істеуіне қажетті запас бөлшектермен, жөндеу материалдарымен жабдықталсын;

рационализаторлық және жаңалық табу жөніндегі бюросы мұндай итілікті іске жұмысшылардың көптеп қатысуы үшін едәуір жұмыстар жүргізіп келеді. Сондықтан да бұл заводта жаңалық табушылардың қатары барған сайын өсе түсуде.

Жалғыз бұл емес, облыстағы басқа да кәсіпорындарында жаңалық табу ісімен шұғылданушы жұмысшылар саны күннен күнге өсе түсуде. Мәселен, «Комсомолка» тігін фабрикасының өзінде кәзіргі уақытта жаңалық табушылардың жалпы саны өткен жылғыдан үш есе артық болып отыр. Мұндай мысалдар кәсіпорындары коллективтерінің творчестволық инициативасы, мамандығы мен мәдениет дәрежесі еліміздің өнеркәсібінің алып адыммен өркендеу дәрежесіне сай өсіп келе жатқандығын айқын дәлелдейді.

Олай болса партия, кәсіподақ ұйымдары, кәсіпорындарының шаруашылық басшылары еңбектің озат әдістерін өндіріске бағыт енгізу, жұмысшылардың творчестволық инициативасын кезінде қолдап отыру арқылы жаңалық ұсыныстардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ісіне арқа-

көмшіліктерді кәсіпорындары шаруашылық басшыларының жұмысшылардың творчестволық инициативасын күшейту ісіне көріне-көзге келергі жасап отырғандығы деп бағалауымыз керек.

Мұндай көмшіліктерге бұдан былайғы жерде мүлдем төзуге болмайды. Әресе, кәзір, бүкіл совет халқы бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын толық және асыра орындау жолында қажырлылықпен күрес жүргізіп жатқан кезде, еңбекшілер бұқарасының творчестволық инициативасын кеңінен өрістетуге зор қамқорлықпен көмектесіп отыру қажет.

Жергілікті партия, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің өндірістік процестерді жетілдіру, жаңалық бастамаларды өндіріске енгізу жолындағы иті бастамаларын үнемі қолдау арқылы жаңалық табудың бұқаралық қозғалысын күшейте түсуге тиіс. Сонда ғана әрбір кәсіпорны бойынша мемлекеттік тапсырмалардың барлық көрсеткіштер жөнінде мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге болады.

М. И. Калининді еске түсіру

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстанның еңбекшілері большевиктік партия мен совет мемлекетінің аса көрнекті басшыларының бірі — Михаил Иванович Калининді зор құрметпен еске түсіруде. Өнеркәсіп пен транспорт орындарының цехтарында, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың егіс қостарында Михаил Иванович Калининнің өмірі мен мемлекеттік қызметі туралы әңгімелер өткізілді.

В. Колесовтың әдісі бойынша

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің Семей механикалық заводының токарі Виктор Прибытков Куйбышев жаңашылы Василий Колесов ұсынған конструкциядағы металл жонғышты қолданып, 29 майда жел двигателдеріне арналған 8 бөлшекті норма бойынша 24 сағаттың орнына бір сменада жонып шықты. Оның бұл жұмысына техникалық бақылау бөлімі жоғары баға берді. Стахановшы В.

Колесовтың әдісі бойынша жұмыс істеген екі айдың ішінде бес айдың тапсырмасын орындады.

Жаңа геометриялы металл жонғыш бұйымдары — фурнитура және кеме жөндеу заводтарында, паровоз және вагон деполарында ойдағыдай қолданылуда. Қаланың кәсіпорындарында В. Колесовтың өнегесімен жұмыс істеушілердің саны апрельдегімен салыстырғанда май айында екі есе көбейді.

Ғылыми кадрлар даярлау

Қазақ ССР Ғылым академиясының конференция залында ғылым-зерттеу институттары аспиранттарының ғылыми жетекшілері бірге қатысқан жалпы жыйналысы болды. Республиканың Ғылым академиясы президиумының бас ғылыми секретары химия ғылымының докторы Д. Сокольский ғылыми кадрлар даярлау ісінің жайы туралы баяндама жасады.

Ғылым академиясы аз уақыттың ішінде 315 ғылым кандидаттары мен докторларын даярлады. Сталиндік бесінші бесжылдық тұсында академия тағыда 650-ге жуық ғылым кандидаттары мен докторларын даярлайды. Быйылғы жылдың өзінде кен ісі, металлургия, химия,

гидроэнергетика, математика, физика жөнінде және ғылымның басқа да аса маңызды салалары жөнінде ғылыми кадрлар даярлау жұмысы едәуір ұлғайып отыр. Кәзір 369 адам, соның ішінде өндірістен қол үзбей 129 адам аспирантура даярлығынан өтуде. Аспиранттар даярлауға республиканың 200-ден аса көрнекті ғалымдары қатысуда.

Жарыссөзге шығып сөйлеген аспиранттар, ғылыми жетекшілер аспиранттардың оқуындағы кемшіліктерді көрсетті. Жыйналыс ғылыми кадрлар даярлауды оған әрі жақсарту шараларын белгіледі.

(ҚазТАГ).

Шөп жемшөп қоры үшін күрес

«Бұлақ» ауылшаруашылық артели (Ленин ауданы) быйыл шөп шабуға жақсы әзірленді. Шөп машиналары, ат тырнауыштары сапалы жөнделіп, шөп шабуға күнделікті әзір етілді. Өндіріс бригадаларының құрамы нығайтылды. Әрбір бригаданда шөп шабу кезіне жұмыс жоспары жасалды. Онда құнарлы жемшөптің мол қорын жасаудың негізгі шаралары белгіленген.

Осындай тыңғылықты әзірліктің арқасында колхоз мүшелері көктем егісін аяқтасымен іле-шала шөп шабуға кірісуге мүмкіншілік алды. Мұнда шөп шабу 27 майда басталды. Кәзір қоғамдық мал азығының берік қорын жасау жолындағы социалистік жарыс колхоз пішеншілері арасында кең өріс алуда.

Машинашы Қонақ Бектемісов жолдас социалистік жарысқа өзінің қызу ұшпақанын алғашқы күндердің өзінде-ақ көрсетті. Ол өзі жүргізетін шөп машинасының қуатын сарқа пайдалануда.

Сондай-ақ машинашылар Қ. Мұстафин, Б. Құсайынов жолдастар да шөп шабуға сменалық норманы ойдағыдай орындап, тамаша табыстарға ие болып жүр. Мұның өзі быйыл колхозда қоғамдық мал шаруашылығына жемшөптің берік қорын жасау жолындағы күрестің кең өріс алғандығын көрсетеді.

С. ӘБИЛОВ.

Шөп шабуға қашан кіріспек?

Бытыр Преснов ауданының Жамбыл атындағы колхозында (председателі Шәріпов жолдас) жемшөптің тапшы болуынан мал қыстату маусымы өте төмен дәрежеде өткізілді. Оның үстіне қоғамдық мал мезгілімен азықтандырылып, суарылмады да. Осы сыяқты жағдайлардың салдарынан мал басының шығына ұшырау фактісі болды. Бұған қарағанда колхоз басшылары быйыл мал азығының берік қорын жасау ісін ерте қолға алып, барлық күш-мүмкіншілікті жемшөп дайындауға жұмылдыру керек еді. Амал не, істің жайы бұлай болмай отыр.

Бұл күндері ауданның алдыңғы қатарлы колхоздары әзірлікті сапалы аяқтап, шөп шабуға да кірісті. Ал, аталған колхозда шөп шабуға әзірлік жұмыстарының өзі аяқталмаған. Шөп шабатын машиналар мен ат тырнауыштарын, басқа да құрал-жабдықтарды жөндеу күні бүгінге дейін шындап қолға алынбай келеді. Қолда бар шөп шабатын 18 ат машинасымен, 14 ат тырнауышының бірде-біреуі жөнделмеген. Берек десе, ұста дүкендері оларды жөндеуге қажетті бөлшектермен толық қамтамасыз етілмеген. Алайда, колхоз басшылары бұл сыяқты төзімсіз олықтыққа тіпті де қынжылар емес. Сонда олар шөп шабуға қашан кіріспек?

М. ӘКІМЖАНОВ.

мен облыстарының, әресе, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Гурьев облыстарының совет, партия, ауылшаруашылық органдарының басшылары шөп жыйнау жұмысын ерте, қысқа мерзім ішінде өткізіп, оны дөңді дақылдардың өнімін жыйнау басталғанға дейін аяқтауды қамтамасыз етпеді. Республиканың көптеген колхоздары мен совхоздарында 1952 жылы пішен жыйнау жұмысы бірқатар жағдайларда 100-ден артық күнге созылды. Мұның өзі дайындалған пішеннің көп ысырап болуына, сапасының кемуіне әкеліп соқты. Жемшөп дайындау кезінде пішенді шабу мен маялаудың арасында үлкен алшақтық болуына жол берілді, ал, пішеннің бірешыра бөлегі мүлде маяланбай қалды.

Республиканың көптеген колхоздары, МТС-тері мен ММС-тері, совхоздары быйылғы жылы да шөп шабуға әзірленуде және оны өткізуде елеулі кемшіліктерге жол беріп отыр, бұл туралы «Правда» газетінің осы жылы 3 июндегі номерінде өте әділ көрсетілген. Бірқатар аудандарда осы уақытқа дейін пішен жыйнайтын машиналарды жөндеу, пішен жыйнау бригадаларын толықтыру, пішен жыйнау жұмысын жүргізудің, жемшөп сүрлеудің жұмыс жоспарларын жасау аяқталған жоқ, шөп шабуды ұйымдасқан түрде өткізу жөнінде қажетті шаралар қолданылмай келеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті көптеген колхоздардың, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың пішен жыйнауды екінші кезектегі жұмыстар қатарына қосуын, бұл істе жете қарқын туғызбай, пішен жыйнау жұмысына колхоздардың еңбекке жарайтын адамдарын, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілерін қажетінше жұмылдырмай отырғандығын мүлде жол беруге болмайтын жағдай деп есептейді.

Республиканың көптеген облыстары мен аудандарында табиғи шабындықтарды жақсартуға елеулі маңыз берілмейді, мұның өзі шөптің шығымдылығының төмендеуіне әкеліп соғады. Шабындықтарды күту, оларды негізінен жақсарту жұмыстары тіпті аз жүргізіледі. МТС-терде, ММС-терде, машина-мелиорациялық станцияларда және совхоздарда қолда бар мелиорациялық машиналар қанағаттанғысыз пайдаланылады.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың колхоздары мен совхоздарында шөп егісін өркендету ісінің жайы тым қанағаттанғысыз екенін атап көрсетеді. Көпжылдық, біржылдық шөптер мен жемшөптік басқа да дақылдарды егу жоспары жыл сайын орындалмай қалып отырады.

Шөп егуді оған әрі ұлғайтудағы елеулі кемшілік көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқым шаруашылығы жағдайының қанағаттанғысыз болуында. Осы

есептен, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық атқару комитеттерін, Қазақстан КП облыстық және аудандық комитеттерін республиканың колхоздары мен совхоздарында жемшөп жыйнауға және сүрлеуге әзірлену, оны өткізу ісіндегі болған артта қалушылықты дереу жоюға, жемшөп дайындауға басшылықты қатты жақсартуға, сойтіп, 1953 жылы колхоздар мен совхоздарда мал басын жемшөппен қамтамасыз ету шараларын сөзсіз орындауға міндеттейді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, оның жергілікті органдарына, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС, ММС және совхоз директорларына, колхоз председателдеріне 1953 жылы пішен жыйнауды ұйымдасқан түрде өткізіп, пішен жыйнау жөніндегі барлық жұмыстарды, оның ішінде маялау жұмыстарын да дөңді дақылдардың өнімін жыйнау басталғанға дейін толық аяқтау міндеттелді.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында шөп шабу және жемшөп сүрлеу жөнінде бескүндік тапсырмалар белгіленді. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық атқару комитеттеріне және облыстық партия комитеттеріне үш күн ішінде, шөп шабу және жемшөп сүрлеу жөніндегі бескүндік тапсырмаларды аудандарға, МТС-терге, ММС-терге, колхоздар мен совхоздарға жеткізіп, олардың орындалуына бақылау орнату тапсырылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, партия және совет органдарына мыналарды міндеттейді:

а) колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен ММС-терде шөп жыйнайтын машиналарды жөндеу таяу күндердің ішінде аяқталатын болсын;

б) республиканың барлық колхоздары мен совхоздарында түгелдей шөп шабу жұмысы дереу өрістетілсін, бұл жұмысқа барлық шөп жыйнайтын машиналар пайдаланылсын, шөп шабуға жұмыстың сағаттық графигі кең түрде қолданылсын, еңбектің бұл прогрестік әдісімен шөп жыйнау агрегаттарының қызметкерлері таныстырылып отырылсын, олардың қажетті документтермен, техникалық қамту құралдарымен жабдықталуы қамтамасыз етілсін, жемшөп дайындау жұмысы үдемелі әдіспен жүргізіліп, шөп шабу, оны тырмалау, шөмелелеу және маялау жұмыстарының арасында алшақтық болуына жол берілмесін;

в) колхоздарда, МТС-терде, ММС-терде және совхоздарда жұмыс жоспарлары жасалып, олар трактор және егіс бригадаларына жеткізілсін, бұл жоспарларда шабындық учасоктерін бригадаларға бекіту, әрбір учасокте жұмыстың жүргізілу мерзімдері, МТС, ММС-тердің пішен жый-

и) әрбір колхоз бен совхозда оларға қарасты негізгі жерлерде болсын, сол сыяқты, жайылым учасоктерінде болсын шөп жыйнау жұмыстарының — шөп шабудың, пішенді тырмалаудың, шөмелелеудің механикаландырылуы қамтамасыз етілсін, ол үшін колхоздарда, МТС-терде, ММС-терде және совхоздарда қарапайым сырмалар, маялағыштар және шөмеле салғыштар жасап шығару ұйымдастырылсын;

к) пішен жыйнау жұмыстарын жүргізетін тракторлар және егіс бригадалары үшін қажетті мәдени-тұрмыс жағдайлары көпшілік тамақтандыру ісі ұйымдастырылсын, саяси-бұқаралық жұмыс күшейтілсін, колхозшылардың, тракторшылардың және совхоз жұмысшыларының арасында қоғамдық малды жемшөппен толық қамтамасыз ету үшін социалистік жарыс ұйымдастырылсын.

Жемшөп сүрлеудің жоспарын нақтылы орындау үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне мыналар тапсырылды:

а) таяу күндердің ішінде колхоздар мен совхоздарда шөп сүрлеу құрылыстарын жөндеу және халық шаруашылық жоспарында белгіленген мөлшерде жаңадан салу жұмыстары аяқталсын;

б) сүрленетін дақылдардың тыңғылықты күтілуі ұйымдастырылсын, сүрленетін дақылдардың уақытында жыйнап алынуы қамтамасыз етілсін, олардың орнында құрап кетуіне жол берілмесін;

в) сүрлеуге далалық шөптер, қамыс, әртүрлі ұсақ шөптер кеңінен пайдаланылсын;

г) жемшөп сүрлеу техникасының қатаң сақталуы, жасыл шөптердің шабылғаннан кейін шабындықтан дереу жыйналып, тасылып әкелінуі, оның қажетті мөлшерде ұнтақталуы және тығыздалуы, сүрленген шөптің мұқият және уақытында жабылуы қамтамасыз етілсін, оның қабырғалары көмкерілмеген, жұмсақ, топырақты жерде қазылған жамбылар мен оларға көмілуіне жол берілмесін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне, МТС-тердің, ММС-тердің және совхоздардың шөп шабу, жемшөп дайындау жұмыстарын күн сайын бақылап отыру, бұл жұмыста МТС, ММС және совхоз директорларының жауапкершілігін арттыру әрбір МТС-тің, ММС-тің және совхоздың шөп шабу, оны тырмалау, шөмелелеу, маялау және тасу жөніндегі белгіленген жоспарды орындауын бақылап отыру міндеттелді.

(Соңы 2-бетте).

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Республиканың колхоздары мен совхоздарында мал басын жемшөппен қамтамасыз ету шаралары туралы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мемлекеттік жер қорының маусымдық шабындықтарын дұрыс пайдаланып, алыстағы жайылым учаскторінде мал қыстауды ойдағыдай өткізу үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігіне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, қысқы жайылымдарда жемшөп дайындау учаскторін міндетті түрде белгілеу және жабайы жемшөптің сақтық қорын жасауды қамтамасыз ету тапсырылды. Қысқы жайылым учаскторінде шөп жыйнау ең қысқа және агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілсін, шөпті буып, түйю және оны қысқы жайылым учаскторіне тасып жеткізу ұйымдастырылсын.

Колхоздар мен совхоздардың малдарын қыс ішінде қысқы жайылымдарға айдау, белгіленген мөлшерде жемшөптің сақтық қорларымен, қоралармен және суаратын орындармен қамтамасыз етілуі жол беруге болмайтын жағдай деп есептелсін.

1953 жылы көпжылдық шөптер тұқымын дайындау жоспары тағайындалды.

Көпжылдық және біржылдық шөптер тұқымын дайындаудың 1952 жылы қолданылған тәртібі мен шарттары 1953 жылы да күшінде болады.

Көпжылдық және біржылдық шөптерден мол өнім алу үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, оның жергілікті орындары, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

а) жемшөптік дақылдардың барлық егістігі мұқият күтіліп, уақытылы жыйналасын, әрбір колхоз бен совхоз шығымдылықтың белгіленген жоспарын толық және артығымен орындайтын болсын;

б) көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқымдық учаскторін 1953 жылғы мемлекеттік жоспарда белгіленген мөлшерде бөлу жұмысы кешіктірмей аяқталсын;

в) суармалы жерлерде 2—3 жылдық беде шөп егістерінен, ал, суармалы емес жерлерде екінші жылы қараған шөп егістерінен тұқымдық учасктор бөлінсін;

г) ертеректегі беде бір шабылғаннан кейін алдын-ала минералды тыңайтқыштар (суперфосфат) енгізіп дискалау жұмысы жүргізілсін, ал эспарцет егілген учас-

шабындықтарды екінші рет суару үшін жазғы салғын суларды, өзен суларын, су жүйелеріндегі бос жатқан суларды жете пайдалану қамтамасыз етілсін;

б) суармалы жерлерді өткен жылдары егілген беде егісінің барлық көлемінде кемінде бес рет суару жұмысы жүргізіліп, кемінде 3—4 рет шабылатын болсын, сол сыяқты, жемшөптік дақылдар егісінің де қажетті мөлшерде суарылуы қамтамасыз етілсін;

в) оңтүстік облыстарының колхоздары мен совхоздарында шөпке немесе сүрлеуге арнап ору үшін ерте пісетін дөңді дақылдарды жыйнап алғаннан кейін аңыздық дақылдар егу жөнінде тапсырмалар берілсін.

Шөп егісін ұлғайтуға колхоздардың мүдделілігін арттырып, көпжылдық және біржылдық шөптердің тұқымын өндіруі жақсарту үшін мемлекет белгілеген тәртіп бойынша жоспардан тыс жоңышқа, беде, бидайық және тимофеевка тұқымын тапсырғаны үшін колхоздарға ақшадай қосымша сыйлық беру қолданылсын.

Артық шабындықтары бар колхоздарға 1953 жылы пайдаланылмаған шабындық учаскторін шабындығы жеткіліксіз колхоздарға беру ұсынылды, мұнда шабындықты пайдалануға алатын колхоздардың мемлекет алдындағы тиісті міндеттемелерін орындаған болуы шарт. Әрбір жағдайда шабындық учаскторін бөліп беру бұл мәселені колхозшылардың жалпы жыйналысында талқылап, оны аудандық атқару комитеті бекіткеннен кейін жүргізетін болсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен оның жергілікті органдары, облыстық, аудандық атқару комитеттері және облыстық, аудандық партия комитеттері колхоздар мен совхоздарда барлық дайындалған жемшөптің қатаң түрде есепке алынып, уақытылы кіріске енгізіліп отырылуын ұйымдастыру, оларды талан-тараждан және өрттен сақтау, мезгілеіз малға беріп таусылуына жол бермеу, жемшөп дайындауда көзбояушылық фактілеріне қарсы батыл күрес жүргізу, бұл жұмыста айыптыларды қатаң түрде партиялық және мемлекеттік жауапкершілікке тартып отыру міндеттелді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі колхоздар мен совхоздарда шөп шабуға және жемшөп дайы-

дайын алдын-ала жергілікті жерде тексеру, сөйтіп, барлық колхозшыларды, МТС, ММС және совхоз жұмысшыларын бйылғы жылы жемшөп дайындаудың жоспарын толық орындау, әрбір колхоз бен совхозда қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемшөптің қажетті қорын жасау күресіне жұмылдыру тапсырылды.


Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері жемшөптің толық жыйналуын қамтамасыз ету үшін осы жылғы 15 июньнен кешіктірмей, МТС-тер мен ММС-тердің күшімен 2000 маялағыш, 5000 тракторлық шөп үйгіш жасап шығаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақстан кәсіпшілік Советі 1953 жылы әрқайсысы өз кәсіпорындарында 100 маялағыш, 150 шөп үйгіш, рельсеті 50 тырма жасап шығарылуын қамтамасыз етуге тиісті.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі онкүндік мерзім ішінде жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақстан кәсіпшілік Советін трактор шөп үйгіштерін, маялағыштарды және рельсеті тырмаларды жасап шығару жөніндегі техникалық документтермен қамтамасыз етуге міндетті.

Колхоздар 1953 жылы колхозшыларға, МТС, ММС қызметкерлеріне, сол сыяқты, шөп жыйнауға қатыстырылған басқа адамдарға, негізгі еңбеккүн ақысынан басқа, табиғи шабындықтардан жыйналған және майланған шөптің 10-нан бір бөлегін беретін болсын деп ұсынылды.

1953 жылы совхоздардың, жылқы заводтарының және басқа шаруашылықтардың КВ—5 шөп машинасымен, ПП—1,6 түйін жыйнауышпен, ПБ—1,6 жыйнауыш шөмелелегішпен жұмыс істеген тракторшыларына, сол сыяқты, өздігінен жүретін шөп машиналарын жүргізуші машинистерге 1952 жылғы ақы төлеу мөлшері қолданылсын. Шөп жыйнауда (шөп шабуға, маялауда, үюде, кірелеуде, шөмелеуде) талсырманы МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттарында көрсетілген мерзімдерде орындаған, мұнда жұмыстың сапасы жағынан агротехникалық талаптарды толық сақтаған тракторшылар мен тіркеушілерге бұл жұмыстарға тікелей жалақы



Біздің елімізде балалар аталық зор қамқорлыққа бөленген. Мемлекет балалар үйлерінің, балалар бақшаларының және балаларға арналған басқа да мекемелердің қажетіне көп қаржы жұмсайды.

СУРЕТТЕ: Петропавлдың бір жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетін үйіндегі балалардың ойнап жүрген кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Тоқшын совхозында

Ауыр жұмыстар

механикаландырылды

Совхоздың мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін ауыр жұмыстардың едәуірі механикаландырылды. Екі фермада жел двигателі және 4 қораға аспалы жол орнатылды. № 1 фермада электр қуатымен сыйыр сауатын агрегат жұмыс істейді.

№ 1 және № 2 фермалардағы қоралардың екеуіне автоматтық суарғыш орнатылып жатыр. Жақын арада бір құдықтан су тарту жұмысы да механикаландырылады.

Совхоз мәдениеті өсуде

Совхоздың мәдени-ағарту мекемелері жұмысшылар мен қызметкерлердің өскелең тілегіне сай жұмыс істеуде. Барлық фермалар мен мал жайылымы учаскторінде телефон бар. Орталық усадьба мен фермалардағы клубтарда, жаңа кинофильмдер көрсетіліп, көркемөнершілер концерт беріп тұрады. Фермалардың көпшілігі радиоландырылды, электрлендірілді.

Мал жайылымы учаскторінде малшылардың қажетін өтейтін дүкең жұмыс істейді. Малшылардың балалары оңайтын жетіжылдық және 5 бастауыш мектеп бар. Совхоз кітапханасы жанынан жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды. Олар бұл күндері жайылым учаскторіндегі малшыларды жаңа газет, жур-

ӘЙЕЛДЕРДІҢ БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНГРЕСІНІҢ АШЫЛУЫ

КОПЕНГАГЕН, 5 июнь. (СОТА). Бүгін Копенгагенде әйелдердің бүкіл дүниежүзілік Конгресі ашылды. Зал әртүрлі елдердің мемлекеттік туларымен, әйелдердің «бүкілдүниежүзілік Конгресі жасасын! Бүкіл дүние жүзінің әйелдері! Өзіміздің праволарымызды жеңіп алу үшін және қорғау үшін күресіңіздер! Балаларымыз бен үй-жайымызды қорғау үшін күресейік! Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін күресейік!» деген әртүрлі тілдерде жазылған транспаранттармен безендірілген.

Конгресс жұмысына 58 елден келген 300-ден астам делегаттар қатысуда. Бүгін және ертең жаңа делегациялар келуге тиіс. Конгреске Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Вьетнамның және Малайяның делегациялары қатыса алмады, өйткені, олардың келуіне Дания өкмет орындары рұқсат етпеген.

Делегаттардан басқа Конгреске 1 мыңнан астам қонақтар қатысуда.

Конгресс делегаттарын Халықаралық демократияшыл әйелдер федерациясының Дания бөлімінің председатели Рут Херманн құттықтады.

Мұнан кейін Конгресс Эжени Коттон ханым бастаған президиумды бірауыздан сайлады.

Эжени Коттон өзінің кіріспе сөзінде біздің алдымызда үлкен міндеттер тұр деп мәлімдеді. Балаларымызды мүмкіншілігіне қарай жақсылап тәрбиелеу біздің тек жана бір міндеттеріміз ғана деп есептеу дұрыс емес. Бұл әрдайы аналардың жасауға тиісті ең үлкен қорлығы болып табылатын. Бірақ, зіркі жағдай барлық әйелдердің өзінің балалары жөніндегі жауапкерші тереңірек сезінуге мәжбүр етіп отыр. Көзіркі уақытта жүргізіліп отырған қыспен өткен соғыс бейбіт халыққа кен ауыртпалық болып батуа. Сондықтан да бейбітшілікті жақтаушылардың тамаша қозғалысына белсенділікпен қатысып отырған әйелдердің саны үнемі көбейіп келеді. Әйелдер ерлер сыяқты праволармен барлық салаларда пайдалана білген болса, өз жұмыстарының мұнан гөрі де табыстырақ болатындығын жақсы біледі.

Эжени Коттон сөзінің қорытындысында әйелдер бірігіп, өз праволарын жеңіп алу, бейбітшілік және балалар бақыты үшін күресте көзіркі Конгресінің шешуші кезең болатындығына жетіседі деп мәлімдеді.

Конгресс күн тәртібін бекітті: 1. Ана әйелдер мен еңбекші және азаматшалардың праволарын жеңіп алу және қорғау жөніндегі күресте әйелдердің міндеттері; 2. Бейбітшілікті қорғау және әйелдер мен балалардың мүдделерін қорғаудағы әйелдер қыймылының қорытындысы және оның болашағы; 3. Халықаралық Демократияшыл әйелдер федерациясының басшылығын сайлау.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

Огородтық егістер

Огородтық егістердің көлемі жыл сайын арта түсуде. Картоптың өзі бйыл 65 гектар жерге отырғызылды. Картопты отырғызу, оны күту жұмыстары тегіс механикаландырылды. Огородтық жемістерді суару жұмыстары да машина күшімен жүргізіледі.

Ауылшаруашылық

машиналарын алды

Мал азығындық дақылдар мен егіс көлемінің артуына байланысты совхоз ауыл шаруашылығы машиналарын көптеп сатып алуда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана 3 комбайн, 3 «Сталинец—6» комбайны және 2 тонналық бензин тасыйтын және басқа машиналар алынды.

Бір сыйырдан

6.000 литр сүт алу үшін

№ 3 ферманың сауыншысы Бибиғайша Қоқыбаева «Мадамки» атты сыйырдан 6.000 литр сүт алуға міндеттенді. Көзір ол сыйырды жақсы күтімде ұстап, алған міндеттемесін орындау жолында аянбай еңбек етуде. Бұл күндері Бибиғайша күн сайын 32—35 литрден сүт алып жүр.

Жұмысшылар үшін

қамқорлық

Совхоз орталығы мен фермаларда жұмысшыларға тұрғын үй салуға өзіндік жұмыстары қызу жүргізілуде. Үй салатын кірпіштер дайындау үшін ең бригадалар ұйымдастырылды.

тырмамен тырмалау жүргізілсін;

д) тұқымдық шөп егістерін арам шөптерден екі рет отау, сол сыяқты, суармалы жерлерде тұқымдық беде егістерін кемінде 1—2 рет суару, соңғы суаруды гүлдеудің басталуынан бұрын бітіру қамтамасыз етілсін;

е) зиянды жәндіктермен күресу үшін беде участоктерін рексаклоранмен өңдеу, сол сыяқты, егістің тұқымдық өнімін арттыру үшін барлық тұқымдық жерлерде бедені және экспарцетті қосымша қолдан тозаңдандыру жұмысы ұйымдастырылсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері мыналарды жүзеге асыруға міндетті:

а) қосымша шабындықтарды жайып суару үшін және бірінші шабудан кейін

тамасыз етіп, жұмыстың бұл аса маңызды участогі үшін облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармалары мен аудандық бөлімдері басшыларының, МТС, ММС және совхоз директорларының, ауыл шаруашылығы мамандарының жауапкершілігін арттыруға, министрліктің коллегиясында ауылшаруашылық органдары басшыларының есебін үнемі қарап, жемшөп дайындаудағы кемшіліктерді жою шараларын қолданып отыруға тиісті.

Облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттеріне шөп шабудың және жемшөп дайындаудың барысына күн сайын бақылап, бұл мәселелерді облыстық атқару комитеті мен облыстық партия комитеттерінде үнемі қарап отыру, оған аудандардың, МТС-тердің, ММС-тердің, колхоздар мен совхоздардың басшыларын шақырып отыру, ол үшін істің жағ-

налы және басқа әдебиеттермен қамту да.

Республиканың бірқатар облыстарында колхоздарда жемшөпті мөлаету жоспарын едәуір артық орындауға мүмкіншілік бар екенін ескере отырып, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қөкшетау Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарына 1953 жылға қосымша шөп шабу жоспары белгіленді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі, көрсетілген облыстардың облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері шөп шабудың қосымша жоспары бойынша аудандарға, колхоздарға, МТС-тер мен ММС-терге бескүндік мерзім ішінде тапсырма жеткізуге, әрбір колхоз бойынша қосымша шабылатын жердің көлемін белгілеуге, оның жалға аяқасты болмай, уақытылы жыйналуын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрылыс ағаштарын тасуға арнаулы машина және көлік бөлінді.

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінің X класындағы 30 оқушының 24-і қазақ тілінен ауызша және жазбаша болған емтихандарда «4» және «5» деген бағалар алды. Сол сыяқты, 7 класс оқушылары да жақсы көрсеткіштерге ие болуда.

МЕКТЕП АЛАҢЫНДА

Ленин ауданындағы Жарғайың жетікылдық мектебінің оқушылары мектептің оқу тәжірибе участогінде ағаш, акация және басқа мәдени дақылдардың тұқымдарын отырғызды. Бұл күндері оқушылар осы отырғызылған ағаштарды мезгілінде суарып, жақсы күтімде өсіруде.

ШОМБАЛОВ.

Гогольге жазған атақты хаты партиялық сынының тамаша үлгілері болып саналады. Гогольге хатты В. И. Ленин «цензурасыз демократияшыл баспасөздің таңдаулы шығармаларының бірі» деп бағалады.

Белинскийдің Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Кольцов туралы мақалалары, оның Грибоедовтың, Герценнің, Тургеневтің, Гончаровтың, Достоевскийдің және басқаларының творчествосына берген бағасы оның берік философиялық негізі, эстетикалық көзқарастарының айқын жасалған системасы, сынының айқын принциптері бар, өмір шындығын үнемі сезіп отыратын терең ойшыл екендігін көрсетеді. Пушкин, Лермонтов, Гоголь — бұл аттар мәңгіге Белинскийдің атымен байланысып жатады, олар туралы сыныш бірінші болып өзінің дұрыс пікірін айтты. Белинскийдің «Өлі жандар» поэмасына берген сыйпаттамасы Гогольдің бүкіл творчествосына берілген сыйпаттама болып табылады.

Белинскийдің тарихи маңызы орасан зор. Ол өзінен кейінгі бүкіл орыс әдебиетіне әсерін тигізді, оған ғана емес, сол сыяқты, философияға, эстетикаға, сынға, орыстың қоғамдық ой-пікір тарихына әсер етті. Егер, ол, алдымен, әдебиетпен шұғылданса, бұл нақ осы салада өзінің ойларын толық айтуға үлкен мүмкіндік болғандықтан болды.

Белинский бізге бүкіл прогресшіл адамзатқа жақын. Оның шығармалары бүгінгі күні де біздің совет искусство-сын, біздің әдебиетімізді дамытуға көмектеседі. Жаңа дүние үшін, коммунизм үшін ұлы күресте социализм туралы бұдан 100 жылдан аса уақыт бұрын арман еткен Белинский бізге сенімді көмекші болады.

М. ДОБРЫНИН,
Профессор, филология ғылымдарының докторы.

Жақсы нәтижелер

Кәзір мектеп оқушылары физика, математика және басқа пәндер бойынша кластан класқа көшіру, мектеп бітіру және көмелеттік аттестат емтихандарын ойдағыдай тапсыру үшін мұқыят әзірленуде.

Г. МАЛДЫБАЕВ.

КІТАП ОҚУШЫЛАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Ұзынқол селолық кітапханасы (Булаев ауданы) жазушы В. Кочетковтың «Журбиндер» деген романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізді. Бұған көптеген кітап оқушылар қатысып, роман туралы өздерінің пікірлерін айтты.

Сол сыяқты, Возвышен, Чистов селолық кітапханалары да жазушы В. Собконың «Бейбітшілік кепілі» деген романы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге даярлануда.

МОТОЦИКЛШІЛЕР ЖАРЫСЫ

Армияға, авиацияға және флотқа көмектесетін ерікті спорт қоғамының облыстық комитеті Горький көлі маңында мотоциклшілердің жарысын өткізді. Жарыста Иконников жолдас бір километр қашықтықты 50 секунд жүріп, бірінші орынға, ал «Искра» ерікті спорт қоғамының мотоциклшісі Ахмадиев екінші орынға ие болды.

В. ЗОЛОТЫЛИН.

ПХЕНЬЯН, 5 июнь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованисі 5 июньде мынаны хабарлады:

Өткен күні майдандарда өзгеріс болған жоқ. Майданның жекелеген участоктерінде артеллериялық атыстар жүргізілді.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, бір самолетін зияндады.

ГИТТЕРДІҢ ІЗІМЕН

ПРАГА, 5 июнь. (СОТА). Чехословакия жұртшылығы чех халқының жеңдеті Гейдрихтің әйеліне батыс герман өкмет орындарының жәрдем тағайындағаны туралы хабарды ыза-кекпен қарсы алды. «Руде право» газеті чех патриоттары Гейдрихті өлтіргеннен кейін, Гитлер оның әйеліне Чехословакиядағы Бржежану замогін сыйлыққа тартып, чех халқын тұншықтырушының өлімі үшін кектеніп, Лидиче деревнясын жоюып жібергендігін еске түсіреді.

Газет Аденуэр Гейдрихтің жесіріне чех замогін сыйлыққа тарта алмайды, сондықтан оған орасан зор жәрдем тағайындады деп атап көрсетеді. Аденуэр мен оның министрлері Судет немістері деп аталатындардың съезінде чех және словак халықтарына қарсы дұшпандық әрекеттер жасау үшін өшіктіру жолына түскен.

Газет мақаласының қорытындысында кісі өлтіргіш пен жеңдеттің жесіріне жәрдем тағайындау Аденуэр үкметінің Чехословакия халқына қарсы бұйытталған өш алу саясатының бір көрінісі болып табылатындығын жазады.

Редактордың орыңбасары **Г. НУРМОЛЛИН.**

В. Г. БЕЛИНСКИЙ

(Қайтыс болуының 105 жыл толуына)

В. Г. Белинский творчествосы туған халқының да, бүкіл адамзаттың да тарихында бір дәуір болып саналатын адамдардың қатарына жатады. Орыстың революцияшылы демократы, жалынды патриот Белинский философияда, эстетикада, сында, әдебиет, театр, искусство тарихында, қоғамдық пікірде жаңа жолдар салған жаңашыл қайраткер еді. Оның өмірдің барлық салаларындағы жаңашылдық ролі орасан зор, оның өз замандастарына және келесі ұрпақтарға ықпалының жемісті болғаны соншалық. Чернышевскийдің пікірінше, көп адамдар Белинскийдің кейбір ойларын түсіне алғандығынан және оларды өз қызметтерінде пайдалана білгендігінен ғана даңққа ие болды.

Белинский — әдебиетші ғана емес, оның қызметінің әдебиетте неғұрлым толық көрінген жігері оның өз заманындағы тұрмысты революциялық жолмен қайта құрудың жігері еді. Ол өз Отанының алдында тұрған міндеттерді терең және дұрыс түсінді, халықтың қас жаулары — крепостнойлықпен және самодержавиемен қажырлылықпен әрі табанды күрес жүргізді.

Сондықтан да ол жас ұрпақтың көсемі, ұлттың озат идеяларының жаршысы, орыс социал-демократиясының із салушысы болды. В. И. Ленин мен И. В. Сталин Белинскийдің революциялық қызметін жоғары бағалады. Отанымыздың тарихындағы оның зор маңызын талай рет атап көрсетті.

В. Г. Белинскийдің заманы орыстың азаттық қозғалысындағы дворяндық дәуірдің заманы еді.

Бұл дәуірдің қозғаушы күші крепостнойлық құлдықтағы және әлеуметарлық праволардан жұрдай болған

орыс халқының қалың бұқарасы болатын. Белинский олардың идеологі еді. Заманның негізгі міндеті крепостнойлық право мен самодержавиеге қарсы күресу болды. Белинский бұл міндетті сол дәуірдегі қайраткерлердің қайсысынан болса да айқын және өткір тұжырымдап, оны халық мүдделері тұрғысынан шешу үшін батыл күрес жүргізді.

В. Г. Белинский 1811 жылы туды. Орыстың ұлы сыншысы 1925 жылғы Сенат алаңында атылған зеңбіректің дүмпуімен оянған ұрпақтың қатарына жатады. Ол декабристердің идеяларымен, дворяндық революцияшылықтың идеяларымен бөгілі қалмай, ілгері кетті, революцияшылы демократ, крепостниктік шаруалардың мүдделерінің, ойларының, арманы мен үміттерінің жаршысы болды.

Белинскийдің философиялық және қоғамдық-саяси көзқарастары табанды күрес ұзақ және азапшын іздену үстінде қалыптасты. Сыншының алғашқы ірі мақаласы «Әдеби ойлар» 1834 жылы жарыққа шықты, ал, онан соңғы көлемді еңбегі «1847 жылғы орыс әдебиетіне көзқарас» 1848 жылы шықты. Сонымен, Белинский баспасөзге небары 14 жыл ғана қатысты. Бірақ, ол тұтас бір ұрпаққа жететін жұмыс іспен үлгерді.

Белинский Батыстағы және Россиядағы философиялық ой-пікірдің барлық жетістіктерін қайта ойластырып, қайта бағалады, сөйтіп, бүтіндей философиялық концепция жасады.

Философиялық материализм идеясын дамыта отырып, Белинский орыстың қоғамдық қатынастарының артта қалушылығы себебінен Маркстің — Энгельс-

тің диалектикалық материализміне дейін көтеріле алмады. Ол 1848 жылы, «Коммунистік манифест» жарыққа шыққан кезде қайтыс болды.

Белинскийдің қоғамдық-саяси көзқарастары оның философиясымен тығыз байланысты. Крепостнойлық право мен самодержавиеге қарсы қажырлы қайтпас күрескер ол славянофилдерді, ресми халықшылдықты жақтаушыларды, консерваторларды, реакцияшыларды қатты сынады.

Белинскийдің эстетикасы мен сынының принциптері оның философиялық, қоғамдық-саяси көзқарастарына байланысты болды. Эстетикалық принциптерді жасау саласында Белинский күрделі жолдан өтті, осының нәтижесінде материалистік эстетиканың бүтіндей системасын жасады. Белинский эстетиканың негізгі мәселесі искусствоның шындыққа қатынасы туралы мәселе деп есептеді.

Белинский өмірді бұрмаламаған, реализмге толы шығармаларды өте мөте жоғары бағалады. Өмірді боямай және бұзбай, бар қалпында дұрыс бейнелеу — міне, реалистік искусствоның негізгі принципі. Бірақ, өмір шындығын суреттеу — одан көшірме жасау емес. Шын мәніндегі реализм құбылыстарының мәнісін аша білуде, оны типті, көркем образдар арқылы көрсетуде болып саналады. Халықты крепостнойлықтан және самодержавиеден азат ету жолындағы күрес жағдайында өмір шындығын осындай суреттеу сатираны тұрғызды. Белинский сатираның ролін және оның орыс әдебиетіндегі маңызын жақсы түсініп, Н. В. Гоголь сыяқты жазушы-сатириктерді ерекше қолдады.

Белинскийдің сынын оның негізгі позициясы революцияшылы демократизм, еңбекші бұқараның мүдделері деп есептеу тұрғысынан алғанда партиялық сын деп атауға болады. Оның «Москвитянинге жауап» деген мақаласы және

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орыңбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.